

NUCLEAR INTELLIGENCE WEEKLY®

СПЕЦИАЛЬНЫЙ РЕПРИНТ ИЗ NUCLEAR INTELLIGENCE WEEKLY ДЛЯ ПАО НК «РУССНЕФТЬ». КОПИРАЙТ © 2020 ENERGY INTELLIGENCE GROUP.

НЕСАНКЦИОНИРОВАННОЕ КОПИРОВАНИЕ, ВОСПРОИЗВЕДЕНИЕ ИЛИ РАСПРОСТРАНЕНИЕ ЛЮБЫМ СПОСОБОМ ПОЛНОСТЬЮ ИЛИ ПО ЧАСТЯМ, ВКЛЮЧАЯ ВНУТРЕННЮЮ СЕТЬ, ИЛИ РАЗМЕЩЕНИЕ В ИНТЕРНЕТЕ, ИЛИ ПЕРЕДАЧУ ЭЛЕКТРОННЫМИ СПОСОБАМИ ДАЖЕ ДЛЯ ВНУТРЕННЕГО ПОЛЬЗОВАНИЯ, ЗАПРЕЩЕНО.

INTERVIEW

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ның Басқарма төрағасы Компанияның Covid-19 індеті жағдайындағы жұмысқа бейімделуі жайлы

Сәуір айында әлемдегі ең ірі уран өндіруші Компания пандемияға жауап ретінде үш айға Оңтүстік Қазақстандағы кеніштердегі жұмысшылар санын (ЖҰШ әдісімен өндіру) азайтатынын, бұл өз кезегінде 2020 жылға арналған алдыңғы жоспарларды (22 750-22 800 тонна уран) төмендету жағына қарай (2020 жылғы 9 сәуірде NIW) мәжбүрлі қайта қарауға алып келетінін мәлімдеді.

Кейіннен акцияларының бақылау пакеті «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорына тиесілі Қазатомөнеркәсіп Қазақстанда 2020 жылға арналған қайта қаралған өндіру жоспарын жариялады: жылына 19 000-19 500 тонна уран (оның ішінде жылына 10 500-10 800 тонна уранды Қазатомөнеркәсіп) өндіретін болады. Бұл ретте Компания қолда бар қорларды пайдалана отырып, өзінің барлық келісімшарттары бойынша жеткізуді жүзеге асыруды жоспарлап отыр (2020 жылғы 15 мамырда NIW).

Energy Intelligence эксклюзивті сұхбатында Қазатомөнеркәсіптің Басқарма төрағасы Ғалымжан Пірматов Компанияның пандемияға деген реакциясы және Covid-19 екінші толқыны болған жағдайда Қазатомөнеркәсіптің не істей алатыны туралы әңгімелеп берді.

Сұрақ: Сіз коронавирустың Қазақстанда уран өндіруге қалай әсер еткенін, бірақ Қазатомөнеркәсіптің қызметкерлері мен олардың отбасылары қандай шығындарға тап болғанын айтып бере аласыз ба? Сіздің қызметкерлеріңіз арасында Covid-19 жұқтыру немесе өлім жағдайлары болды ма?

Жауап: Қазатомөнеркәсіп пен оның барлық еншілес және тәуелді ұйымдары Covid-19 таралуына қарсы күрес және қызметкерлерді, олардың отбасы мен жергілікті халықты қорғау бойынша кешенді шаралар қабылдауды жалғастыруда.

Сәуір айында бізде екі расталған дерек анықталды: олар еншілес компаниялардың (сервистік қызмет көрсететін) қызметкерлері, екеуі де Қызылорда облысының бір ауылынан, індетті жұмыс орнында жұқтырған емес (олар кеніштерде жұмыс істемейді, онда мәселе тікелей жақын жерден ауру өршуіне әкеп соғуы мүмкін).

Сәтін салғанда, екі қызметкер де сауығып, ауруханадан шығарылды. Екі жағдайда да басқа адамдармен байланыс мейлінше аз болған. Ауру жұқтырғандардың барлығын оқшаулау үшін байланыс мониторингі жүзеге асырылып, олардың жұмыс орындарында барлық санитарлық және дезинфекциялық іс-шаралар жүргізілді.

Сұрақ: Қазатомөнеркәсіп 2020 жылы Қазақстандағы өндіріс көлемі 19 000-19 500 тоннаны құрайды деп болжайды. Covid-19 пандемиясы мен Қазақстанның оңтүстігіндегі жауапты іс-қимылдарға қатысты мұндай көрсеткіштердің артында қандай болжамдар тұр?

Жауап: Жылдың бірінші жартысындағы өндіру деңгейі 2019 жылдың бірінші жартысындағы сияқты болуы мүмкін. Бұл Covid-19 өршу қаупін азайту үшін бұрғылау және жаңа ұңғымалар құрылысы тоқтатылған кезбен және ұңғымалардың бастапқы құрамы мен дебитіне әсер еткендегі аралықпен байланысты.

Бүгінгі біздің өндіріп жатқанымыз үш және одан да көп ай бойы атқарылған жұмыстардың нәтижесі болып табылады. Сондықтан 2-ші тоқсанда жаңа ұңғымаларды игеру жөніндегі қызметті тоқтата тұру нәтижесінде өндіру көрсеткіштеріне нақты әсер 3-ші және 4-ші тоқсандарда ғана көрінеді. Жалпы алғанда, ұңғымаларды әзірлеу қызметін тоқтата тұру небәрі үш айға созылған жағдайда Қазақстандағы өндіріс көлемі 19 000-нан 19 500 тоннаға дейін болады деп болжаймыз.

Сондай-ақ, өндірістің қысқаруы біздің барлық кеніштерге (Қазақстандағы) әсер еткенімен, өндірістік шығындар әр учаскеде бірдей болмайды. Қысқарту [өндіру] бірқатар факторларға, оның ішінде штатты қысқарту кезінде қызмет жүргізіліп жатқан геотехнологиялық алаңдардың санына және әрбір кен орнының геологиялық сипаттамаларына байланысты болады.

Қазақстанда Covid-19 географиялық таралуы біркелкі емес, оның үстіне Қазақстанның оңтүстігінде вирустың таралуы сәуірден кейін басталды, сондықтан біздің кеніштердегі қызметкерлер саны екінші тоқсан бойы төмендетілген болып қала береді деп болжаған дұрыс.

Сайып келгенде, бұл пандемия қанша уақыт бойы денсаулыққа қауіп төндіретінін ешкім білмейді, сондықтан біз тиісті түрде бейімделуіміз

Interview

>> continued from page 1

керек, өйткені қызметкерлеріміздің әл-ауқаты үнемі тұрақты қызметті қауіпсіз жанарту үшін қолайлы уақытты анықтау кезінде біздің басты басымдығымыз болады.

Сұрақ: Қазіргі уақытта Қызылорда мен Шымкент қалаларындағы аурудың жалпы саны біртіндеп өсіп келе жатқан сияқты. Алайда, Covid-19-дің жергілікті өршуі немесе екінші толқыны сізді Қазатомөнеркәсіптің 2020 жылға (және/немесе 2021) арналған өндіру деңгейі және ағымдағы өндірістік жоспарлары бойынша қазіргі іс-қимылдарын қайта қарауға мәжбүр етеді ме?

Жауап: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев төтенше жағдайдың күшін жойды, бірақ карантин әлі де бар. Аймақ әкімдері мен бас санитарлық дәрігерге жергілікті халықты қорғауға бағытталған шараларды қолдау бойынша үлкен өкілеттіктер берілген. Біздің іс-әрекеттеріміз денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік сарапшылардың пікіріне байланысты және тәуелді болады.

Алғашында ірі орталықтардан (Нұр-Сұлтан және Алматы) тыс жерлерге расталған жағдайлардың таралуы баяу болды, бұл ірі қалалар мен оңтүстік аймақтарды жабу арасындағы уақытша алшақтыққа алып келді. Нәтижесінде біз кеніштерде санитарлық және қорғау шараларын дереу қабылдадық, бірақ көріп отырғанымыздай, біз қызметкерлер санын бірден қысқартпадық.

Дегенмен, пандемияның таралуына және ауру оқиғаларының санының артуына қарай, дәл осы шектеу шараларын күшейту уақыт пен неғұрлым батыл іс-қимылдарға қатысты біздің таңдауымызды анықтады. Қазақстанда жұқтыру жағдайларының саны салыстырмалы түрде аз, бірақ ол 7 сәуірде кеніштерде оқшаулау режимін енгізгеннен бастап он есеге өсті.

Мен екінші толқынның таралуын тежеп, болдырмау мүмкін болады деп үміттенемін, бірақ жағдай болжауға болмайтын күйінде қала бермек.

Сұрақ: Қазатомөнеркәсіп өндірістің алты-жеті айлық көлемі деңгейінде қорлардың нысаналы деңгейінен төмен деңгейі арқылы өз жеткізілімдерін реттеуге дайын екенін ескере отырып, Covid-19 екінші толқынынан немесе локализацияланған өршуден туындаған өндірістің қосымша қысқаруы, жеткізілімдер бойынша өздерінің шарттық міндеттемелерін орындаумен қатар, Қазатомөнеркәсіптің қалған қорларын жоққа шығара алады. Егер бұл орын алса, сізде қорларды қалпына келтіру стратегиясы бар ма?

Жауап: Біз 2019 жылды шамамен 8 500 тонна уран қорымен аяқтадық, ал бұл жоспарлы өндірудің сегіз айына тең (өндірудің жоспарлы көрсеткіштері қысқартылғанға дейін). Сондықтан біз таяу болашақта өз міндеттемелерімізді жабу үшін жеткілікті ресурстар бар деп есептейміз.

Дегенмен, біздің қызметіміздің ерекшелігі сол, қорлардың көп бөлігі – аяқталмаған өндіріс пен транзиттік қорлар екенін ескерсек, біз қорымызды нөлге немесе шамамен осы деңгейге дейін жеткізе алмаймыз. Кейбір қайта өңдеу кәсіпорындарына материалды жеткізу екі айға дейін созылады және бұл отын циклын іске асырудың алғашқы қадамы ғана.

Сондықтан, егер Covid-19 екінші толқыны болса немесе ағымдағы жағдай үш айдан кейін шығатын болса, біз Қазатомөнеркәсіптің материалды нарықта сатып алуы талап етілу ықтималдығын жоққа шығармаймыз.

Бұған дейін айтып өткенімдей, Компанияда техникалық тұрғыдан, қажет болса, ТНК трейдингтік еншілес компаниясы арқылы да, қаржылық жағынан да – жеткілікті капитал мен қарыздың төмен деңгейін және ашық кредиттік желілерді ескерсек, бұл үшін барлық мүмкіндіктер бар.

Сұрақ: Қазатомөнеркәсіп өндіру кәсіпорындарының ақшалай өзіндік құны + күрделі шығындары (AISC қатысу үлесі бойынша) соңғы жылдары АҚШ долларында төмендеді, бұл негізінен АҚШ долларына қатысты теңгенің әлсіреуі себебінен болды. Егер валюта мәселесін кейінге қалдырса, Қазатомөнеркәсіп өзіндік құн деңгейі төмен болуы үшін қандай күш жұмсайды? Қазір сіз өндіру кәсіпорындарының ақшалай өзіндік құны + күрделі шығындары (AISC қатысу үлесі бойынша) 2020 жылы U3O8 бір фунты 2019 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда U3O8 фунты үшін 11,94 АҚШ долларынан 1-2 долларға жоғары болады деп болжайсыз. Бұл өсімнің артында не тұр және өзіндік құн 2021 және 2022 жылдары өседі деп ойлайсыз ба?

Жауап: ЖҰШ шығындарының қисық шығыны тұрақты және икемді, соның салдарынан өндіріс деңгейіндегі өзгерістер дәстүрлі кеніштердегі жағдайға қарағанда үлестік шығындарға елеулі әсер етпейді. Жақында теңгенің әлсіреуі қалыпты оң әсер етті, сондықтан біздің орташа өлшенген ақшалай өзіндік құнымыз (қатысу үлесі бойынша, C1) барлық учаскелерде, болжап отырғанымыздай, 2020 жылдың басында белгіленген әдеттегі диапазонда қалады және бұл өндірістің болжамды құлдырауына қарамастан болады. [Ақшалай өзіндік құн (қатысу үлесі бойынша, C1) - бұл күрделі шығындарды қоспағанда, іс жүзінде барлық өндірістік шығындар үшін тиісті JORC атауы]. Ақшалай өзіндік құн + өндіру кәсіпорындарының күрделі шығындары (AISC қатысу үлесі бойынша) төмендеу жағына қарай қайта қаралды, бұл учаскедегі қызметкерлердің санын азайтумен және ұнғымаларды игеруді тоқтата тұрумен байланысты күрделі шығындардың төмендеуін көрсетеді.

Сұрақ: 2019 жылдың қантарынан бастап Қазатомөнеркәсіптің дивидендтік саясаты Компанияны, егер таза борыштың пайыздарды, салықтарды, тозуды және амортизацияны шегергенге дейін түзетілген пайдаға қатынасы 1,0-ге тең немесе одан аз болса, еркін ақша ағынының кемінде 75%-ын төлеуге міндеттейді. Бұл міндеттеме сіздің ұзақ мерзімді ресурстық базаңыздың ұлғаюына қайта инвестициялауға жеткілікті қаражат бөлуге мүмкіндік бере ме, әсіресе жаңа эзирлеуге арналған шығындар, шамасы, қолданыстағы инфрақұрылымдардан алыстығына байланысты жоғары болады ма?

Жауап: Компания уран және оның құн тізбегінің компоненттерін өндіру жөніндегі өзінің негізгі қызметіне бұрынғысынша шоғырланған, сондай-ақ болашақта күтілетін рыноктық сұранысқа сәйкес кен орындарын барлау мен игеруге, реакторға дейінгі ядролық отын циклінің жобаларын инвестициялауды жалғастыруды жоспарлап отыр. Біздің дивидендтік саясатымыз бізге бұл үшін жеткілікті қаражатты сақтауға мүмкіндік береді және біздің даму жоспарларымызды іске асыру үшін ақшалай қаражаттың тиісті деңгейінің болуын көздейді деп есептейміз.

Данные материалы журнала Nuclear Intelligence Weekly воспроизведены с разрешения издателя, Energy Intelligence Group, для Kazatomprom. Копирование или выпуск или отдельных статей Nuclear Intelligence Weekly, даже для внутреннего распространения, путем фотокопирования, электронного воспроизведения или пересылки, или хранения на общем диске строго запрещено. ©2020, Energy Intelligence Group. Для получения информации о подписке на Nuclear Intelligence Weekly или другие издания и услуги Energy Intelligence Group просим обращаться по электронной почте: customerservice@energyintel.com или по телефону +1 212 532 1112.

Interview

>> continued from page 2

Сұрақ: Салалық дереккөздердің бірі барлау мен игеруге арналған шығындарыңыздың күрт қысқаруын көрсетіп, Оңтүстік Инкай кен орнынан тыс жерде перспективалар жоқ екенін мәлімдеді. Бұл әділ баға ма? Егер жоқ болса, онда тағы қандай перспективалы учаскелер қазіргі уақытта ең үмітті болып табылады?

Жауап: 125000 тонна төңірегіндегі ресурстарға ие Оңтүстік Инкай блоктары уран барлау жөніндегі (Қазатомөнеркәсіп үшін ғана емес, әлемнің кез келген нүктесіне арналған) біздің аса тартымды жобаларымыз екені рас.

Қазіргі нарықтық жағдайларда біз осы және басқа да біздің перспективалар туралы аз айтып отырмыз. Бірақ шын мәнінде бізде басқа да бірнешеуі, соның ішінде Буденов кен орнының 6 және 7 блогы, Тоғысқан және Шығыс Жалпақ бар, олардың барлығы Шу-Сарысу бассейнінде орналасқан және оларға барлау бірнеше жыл бойы жүргізіліп келеді.

Жұмыс істеп тұрған кен орындарында өндіріс көлемінің азаюына қарай (біз өткен жылы өзіміздің алғашқы ірі кенішімізді жапқанбыз), бұл жаңа кен орындары Компанияның алдағы онжылдықтағы болашағын ұсынатын болады. Олар қашан және қандай қамту арқылы іске қосылатын болады, әрине, болашақтағы біздің жеткізу көзқарасымызға және клиенттеріміздің қажеттіліктеріне байланысты болмақ.

Біз уран қорлары туралы ресурстар ретінде ойлауды доғардық және оларға қазіргі және болашақ ұрпақ үшін елдің активтері ретінде қараймыз. Сондықтан біз оларды уақыты келмейінше және нарық қосымша жеткізілімдерді талап етпейінше, іске қосуға асықпаймыз.

Сұрақ: Қазіргі уақытта Қазатомөнеркәсіп 2020 жылы кемінде 200 млн долларға баламалы мөлшерде дивидендтер төлеуді жоспарлап отыр. Самұрық-Қазынаның негізгі акционерінің қаржылық жағдайын ескере отырып, бұл сома көтеру жағына қайта қаралады деген ықтималдылық бар ма?

Жауап: Жария және кеңейтілген қазақстандық жекешелендіру бағдарламасындағы бірінші компания ретінде біз өз міндеттерімізді орындауға тиіспіз, бұл өте маңызды. Сондықтан дивидендтік саясат дивидендтерді жыл сайынғы төлеу жоспарын қарастырады, бұл ретте даму жоспарын орындау үшін жеткілікті қаражат қалдырады.

Әрине, Директорлар кеңесі өз қалауы бойынша дивидендтер бойынша жыл сайынғы ұсынымдар бере алады, бірақ күшті корпоративтік басқару басымдыққа ие және біз өзімізге алған міндеттемелерге өте байыпты қараймыз.

2020 жылы (2019 жылдың нәтижелері бойынша төлем) біз акционерлерге кемінде 200 миллион АҚШ долларын төлеуге міндеттіміз және 2019 жылдың нақты нәтижелері негізінде біздің Директорлар кеңесіміз акционерлерге дивидендтік саясат негізінде 99 миллиард теңге мөлшерінде төлемді бекітуді ұсынды. Ағымдағы айырбас бағамы бойынша бұл шамамен 235 миллион АҚШ долларын құрайды, және теңге әлсіреген кезде де біз міндеттемеден 200 миллион АҚШ долларына асып түсетінімізге сенімдіміз.

Данные материалы журнала Nuclear Intelligence Weekly воспроизведены с разрешения издателя, Energy Intelligence Group, для Kazatomprom. Копирование выпусков или отдельных статей Nuclear Intelligence Weekly, даже для внутреннего распространения, путем фотокопирования, электронного воспроизведения или пересылки, или хранения на общем диске строго запрещено. ©2020, Energy Intelligence Group. Для получения информации о подписке на Nuclear Intelligence Weekly или другие издания и услуги Energy Intelligence Group просим обращаться по электронной почте: customerservice@energyintel.com или по телефону +1 212 532 1112.

Р2 Сұрақ: 2019 жылы Қазатомөнеркәсіптің уран өнімінің 40% жуығын Қазатомөнеркәсіп пен ТНК Қытайдағы сатып алушыларға сатты. Covid-19 Қытай сұранысын 2020 жылдың бірінші жартысында кемітті ме, әлде сіз тұрақты (немесе өскелең) сұранысты байқайсыз ба?

Жауап: Пандемия Қытайға жеткізудегі белгілі бір өзгерістерге алып келді, әсіресе қаңтар-ақпан айларында Қытай Covid-19 шыңын бастан кешкен фактіні ескерсек, Қазақстанда оның алғашқы оқиғалары тек наурызда ғана тіркелді. Шекараның жабылуына байланысты кейбір жеткізілімдерді кейінге қалдыруға тура келді. Қазір біз Қытайға жеткізуді қайта бастадық және бұл уақытша жағдайлар Қытайға жеткізудің жалпы көрінісіне әсер етті деп ойламаймыз.

Сұрақ: Вашингтондағы, Колумбия округі, өкілдіктің бірнеше жыл жұмыс істегеннен және клиенттік базаны әртараптандыру бойынша белсенді әрекеттерінен кейін де, соңғы үш жылда сіздің АҚШ-тағы тұтынушыларға сатуларыңыз 5-6% деңгейінде қалып отыр. Әлемдегі ең ірі ядролық отын жағдайлар нарығындағы нарық үлесінде өсудің болмауын қалай түсіндіресіз?

Жауап: АҚШ – біз үшін өте маңызды нарық. Бұл әлемдегі ең ірі уран нарығы, онда 20-дан астам энергия компаниялары мен 95 реактор АҚШ шаруашылықтары мен өнеркәсіптік кәсіпорындарының мұқтаждарын қанағаттандыру үшін тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Алайда, бұл нарыққа оның көлемі мен клиенттер санына байланысты, әдетте ең көбі бір немесе бірнеше ядролық компаниялары бар басқа ядролық елдермен салыстырғанда, кіру өте қиын.

Үлкен географияны қамту және түрлі клиенттердің қажеттіліктерін түсіну қажет болады – әрине, жаңа нарықтарда сатуды арттыру үшін уақыт керек.

Айта кету керек, 232-бөлімге (Сауданы кеңейту туралы Заң) сәйкес талқылау себебі бойынша АҚШ энергия компанияларының арасындағы белгісіздікке қарамастан, өткен жылы біздің АҚШ-тағы сатылымдар екі есе артты, содан кейін отын жеткізу жөніндегі жұмыс тобының талқылауы басталды. Мен Қазатомөнеркәсіптің 232-бөлімге сәйкес қарау кезінде АҚШ-тың энергия компанияларынан көпшілік алдында да, жеке тәртіппен де, қандай қолдау алғандығын көргенімізге қуаныштымын – менің ойымша, бұл біз үшін одан әрі дамудың берік іргетасы болып қалады.

Мен АҚШ-тың 10%-дық сату көрсеткіші біздің портфелімізде әлі де жеткіліксіз екеніне келісемін. Ішінара бұл, шамасы, біз өз стратегиямызға өзгерістер енгізгенде және Қазақстанда да, Цугадағы [Швейцария] ТНК арқылы да маркетинг пен сатылымға деген көзқарасты өзгерткен соңғы бірнеше жылда АҚШ-тың энергия компаниялары талай келісімшарттар жасағандығымен байланысты болса керек.

2015 жылдан бастап 2017 жылға дейінгі үш жыл ішінде біз өз өндірісіміздің жылдық көлемінің төрттен үш бөлігін ғана сата алдық, сонымен бірге елеулі көлемдер біздің клиенттерімізге тікелей емес, трейдерлер арқылы жүрді. 2018 жылдан бастап біз өз қызметімізді тек ірі өндіруші ғана емес, әлемдегі ең ірі сатушы ретінде де өзгерттік.

Біз бұдан былай трейдерлер арқылы сатпаймыз, біздің сатылымдар жыл сайын өндіріс көлемінен асып түседі, 2020 жылы (алғаш рет) біз сату үшін бос материал аз болған жағдайда (тіпті Covid-19 өндіріске әсер еткенге дейін), бұл бізге өз қорларымызды қысқартуға мүмкіндік береді.

Interview

>> *continued from page 3*

Сондықтан да мен әлемдік ядролық индустрия үшін (АҚШ-ты қоса алғанда) қолайлы өнім беруші бола аларымызға сенімдімін.

P4

Данные материалы журнала Nuclear Intelligence Weekly воспроизведены с разрешения издателя, Energy Intelligence Group, для Kazatomprom. Копирование выпусков или отдельных статей Nuclear Intelligence Weekly, даже для внутреннего распространения, путем фотокопирования, электронного воспроизведения или пересылки, или хранения на общем диске строго запрещено. ©2020, Energy Intelligence Group. Для получения информации о подписке на Nuclear Intelligence Weekly или другие издания и услуги Energy Intelligence Group просим обращаться по электронной почте: customerservice@energyintel.com или по телефону +1 212 532 1112.